

**"Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы"
облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 337 шешіміне өзгеріс
енгізу туралы**

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 179 шешімі.
Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 желтоқсанда № 3720
болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2021 жылғы
17 мамырдағы № 43 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облыстық мәслихатының 17.05.2021 № 43
шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 желтоқсандағы Заңының 1-бабының 4-тармағының 201) тармақшасына сәйкес, "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 495-бабының 9-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы" облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 337 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3349 тіркелген, 2011 жылғы 6 қаңтардағы "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінің № 1-2 жарияланған) шешімінің қосымшасына мынадай өзгеріс енгізілсін:

4-тармақ кестесінің 3-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

3.	Сұйытылған, сығылған газ, керосин үшін	0,48
----	--	------

2. Осы шешім 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы*

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Д. ЕСПАЕВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

